ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
Ш Е Ш І М

2024 жылғы 21 ақпан №2301-23-00-2/3230 іс Атырау қаласы

Атырау облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты құрамында:
төрағалық етуші судья О.Ш.Даурешова
сот отырысының хатшысы Ш.Т.Мұхтаудың қатысуымен,
ашық сот отырысында қойылған талап бойынша азаматтық істі қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
«Қазақстан Республикасы Сот әкімшілігінің Атырау облысы бойынша департаменті» республикалық мемлекеттік мекемесі

ЖАУАПКЕР:
Жеке кәсіпкер «Сапа» Нургуль Темирбаевна Кенжиева

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАПТАРЫ:
Мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану

СОТҚА ҚАТЫСҚАНДАР:
Талап қоюшы өкілдері Т.Тілепиева, Ж.Жумалин
Жауапкер Н.Кенжиева, А.Кенжиев

СИПАТТАУ БӨЛІГІ:

2023 жылғы 27 қарашада мемлекеттік сатып алудың қорытындылары негізінде тараптардың арасында мемлекеттік сатып алу туралы №115 келісім-шарт жасақталған (бұдан әрі - Шарт).

Шарттың ажырамас бөлігі 1-қосымшасына сәйкес жауапкер талап қоюшыға «13 дана турникеттің қос контроллер тақтасы» тауарын жеткізуге міндеттенген.

Шарттың сомасы - 663 000 теңге, орындау мерзімі - тапсырыс берушінің тапсырыс хатынан кейін 15 күнтізбелік күн ішінде.

2023 жылғы 12 желтоқсанда жауапкер контроллер тақтасын жеткізе алмайтындығын хабарлаған.

Күні бүгінге дейін шарт бойынша алынған міндеттемелер орындалмай, тауар жеткізілмеген.

Талап қоюшы сотқа талабын жолдап, шарттың талаптары орындалмағанын, тауар жеткізілмегендігін, шарт 2023 жылғы 12 желтоқсанда бұзылғандығын көрсетіп, жауапкерді мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тануды сұрады.

Талап қою арызға қарсы пікір ұсынылмады.

Сот отырысында жауапкер өкілдері талапты мойындамай, аталған турникеттің контроллер тақтасы «Perko» фирмасынан 2015 жылы шығарылғандығын, казіргі кезде аталған турникеттің контроллер тақталары зауытпен шығарылмайтыны, Қарағанды қаласынан бір дана контроллер тақтасының табылғандығын, алайда бағасының қымбат болғанын, оны алу оларға тиімсіз болғанын, аталған міндеттемені орындау үшін жұмыстанғандарын, сондықтан талапты қанағаттандырусыз қалдыруды сұрады.

<u>УӘЖДЕУ БӨЛІГІ:</u>

Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінің (бұдан әрі - АК) 386-бабының талабына сай шарт оны жасасқан кезден бастап күшіне енеді және тараптар үшін міндетті болып табылады.

Ал, АК-нің 272-бабының талабына сәйкес: міндеттеме-міндеттеме шарттары мен заң талаптарына сәйкес тиісінше орындалуға тиіс, ал мұндай шарттар мен талаптар болмаған жағдайда-іскерлік қызмет өрісіндегі әдеттегі құқықтарға немесе әдетте қойылатын өзге де талаптарға сәйкес орындалуға тиіс.

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік сатып алу туралы Заңының (келесіде - Заң) 12-бабының 4-тармағының 3) тармақшасына сай, мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылардың тізілімі өздерімен жасалған мемлекеттік сатып алу туралы шарттар бойынша өз міндеттемелерін орындамаған не тиісінше орындамаған өнім берушілердің тізбесін білдіреді. Осы тармақтың бірінші бөлігінің 1) және 3) тармақшаларында көрсетілген жағдайларда, тапсырыс беруші өзіне өнім берушінің Қазақстан Республикасының мемлекеттік сатып алу туралы заңнамасын бұзу фактісі туралы белгілі болған күннен бастап күнтізбелік отыз күннен кешіктірмей, осындай әлеуетті өнім берушіні немесе өнім берушіні мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы талап арызбен сотқа жүгінуге міндетті.

Сотта анықталғандай, 2023 жылғы 27 қарашада мемлекеттік сатып алудың қорытындылары негізінде талап қоюшы мен жауапкер арасында мемлекеттік сатып алу туралы №115 келісім-шарт жасақталған. 1-қосымшасына сәйкес жауапкер талап қоюшыға «13 дана турникеттің контроллер тақтасы» тауарын жеткізуге міндеттенген. Орындау мерзімі - тапсырыс берушінің тапсырыс хатынан кейін 15 күнтізбелік күн ішінде.

Құжатқа қол қойылған: Дәуренова О. Ш., 29.02.2024

2301-23-3-1/3779

Талап қоюшы сот отырысында жауапкер тарапынан шарттың міндеттемелері шартта көрсетілген мерзімде орындалмай, нәтижесінде талап қоюшы үшін жағымсыз салдар пайда болғанын, «13 дана контроллер тақтасы» тауары жауапкермен жеткізілмегенін көрсетті.

Жауапкер өкілінің аталған контроллер тақтасы Ресейдегі зауытпен шығарылмайтындығы туралы және Қазақстан Республикасында турникеттің контроллер тақтасы шықпайтындығы туралы сотқа дәлелдемелер ұсынылмады.

Бұл жағдайда, талап қоюшының жауапкерді мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы талабы сотпен негізді деп танылады.

АПК-тің 117-бабына сәйкес жауапкерден мемлекет кірісіне 1 725 теңге мемлекеттік баж өндірілуге жатады.

ҚАРАР БӨЛІГІ:

АПК-нің 223-226-баптарын басшылыққа алып, сот

ШЕШІМ ЕТТІ:

«Қазақстан Республикасы Сот әкімшілігінің Атырау облысы бойынша департаменті» республикалық мемлекеттік мекемесінің жауапкер жеке кәсіпкер «Сапа» Нургуль Темирбаевна Кенжиева мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы талабы қанағаттандырылсын.

Жеке кәсіпкер «Сапа» Нургуль Темирбаевна Кенжиева мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп танылсын.

Жеке кәсіпкер «Сапа» Нургуль Темирбаевна Кенжиевадан мемлекет кірісіне 1 725 (бір мың жеті жүз жиырма бес) теңге мемлекеттік баж өндірілсін.

Шешімге Атырау облыстық сотының азаматтық істер жөніндегі сот алқасына апелляциялық шағым, прокурордың өтінішхаты Атырау облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодексінің 403, 404-баптарының талаптарын сақтай отырып, шешім түпкілікті нысанда шығарылған күннен бастап берілуі, ал сот талқылауына қатыспаған тұлғалар өздеріне шешімнің көшірмелері жіберілген күннен бастап бір ай ішінде беруі мүмкін.

Судья О.Ш.Даурешова

Көшірме дұрыс

Судья О.Ш.Даурешова

Анықтама:

Шешім заңды күшіне 2024 жылы "29" наурызы енді.

Судья О.Ш.Даурешова

Құжатқа қол қойылған: Даурешова О. Ш., 29.02.2024

2301-23-3-1/3779

Құжатқа қол қойылған: Дауренова О. Ш., 29.02.2024

«ТӨРЕЛІК» АҚПАРАТТЫҚ ЖҮЙЕСІ
Сот өндірісі
Судопроизводство
ИНФОРМАЦИОННАЯ СИСТЕМА «ТӨРЕЛІК»